

"2016 жылға Қызылорда қаласы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 4773 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 5068 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 наурызда № 5423 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 04 мамырдағы № 5291 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 04.05.2016 № 5291 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2016 жылға Қызылорда қаласы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 4773 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5292 тіркелген, "Ақмешіт ақшамы" газетінде 2016 жылғы 13 қаңтардағы №03-04, "Қызылорда Таймс" газетінде 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 1-2, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 ақпанда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 2-тармағы алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Нәлібаев